



INTERNATIONAL SCHOOL  
OF ECONOMICS MNU

**МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-  
ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ (ГЗЖМ) ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

Астана қ.  
2025 ж.

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	2
2. Нормативтік сілтемелер.....	2
3. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының (ГЗЖМ) мақсаты мен міндеттері..	2
4. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысын (ГЗЖМ) ұйымдастыру және бақылау.	3
5. ГЗЖМ есебінің мазмұны, есепке қойылатын талаптар.....	4
6. ГЗЖМ есебін рәсімдеуге техникалық талаптар.....	5
Қосымша 1: Title Page.....	7

## **1. Жалпы ережелер**

Магистратура бағдарламасының негізгі құрамдас бөлігі – ғылыми-зерттеу жұмысы, оған ғылыми-педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияны дайындау кіреді.

Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстары шеңберінде (бұдан әрі – МҒЗЖ) магистранттың жеке жұмыс жоспарына инновациялық технологиялармен және жаңа өндіріс түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және/немесе сәйкес салалардағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда міндетті ғылыми тағылымдамадан өту қарастырылған.

Ғылыми тағылымдама өтетін орын білім беру бағдарламасының ғылыми бағыты мен зерттеу тақырыбына сәйкес келуі тиіс.

Тағылымдама ұзақтығы кемінде 14 күнтізбелік күн болуы керек.

Академиялық істер департаменті (АІД) тағылымдаманы ұйымдастыратын ұйыммен бірлесіп тағылымдама бағдарламасын және апталық жоспарды бекітеді.

МҒЗЖ басқа оқу жұмыстарының түрлерімен бір уақытта немесе бөлек кезеңде жоспарланады.

МҒЗЖ бойынша кредиттерді игеру университеттің білім беру бағдарламаларының оқу жоспарлары және Академиялық күнтізбе арқылы анықталады.

Әр кезеңнің соңында МҒЗЖ нәтижелері магистрант тарапынан есеп түрінде рәсімделеді.

Магистранттың ғылыми немесе эксперименталды-зерттеу жұмысының қорытындысы – магистрлік диссертация (жоба). Магистрлік диссертация/жобаны дайындау және орындау тәртібі Халықаралық экономика мектебінің (ХЭМ) ішкі нормативтік құжаты арқылы анықталады.

Магистрант оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде, академиялық кеңестің шешімі негізінде, АІД басшысының бұйрығымен диссертация тақырыбы бекітіліп, ғылыми жетекші тағайындалады. МҒЗЖ нәтижелерін ескере отырып, магистрлік диссертация тақырыбын түзетуге болады.

Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері кемінде бір жарияланымда және/немесе бір ғылыми-практикалық конференциядағы баяндамада ұсынылуы керек.

АІД магистрантқа зерттеу нәтижелерін жариялауда көмек көрсетеді.

### **1. Нормативтік сілтемелер**

Бұл ережелер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 жылғы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және кейінгі білім беру ұйымдарының қызметі туралы Типтік ережелерге, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 жылғы №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және кейінгі білім беру мемлекеттік міндетті стандарттарына және «М.С. Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті» АҚ академиялық саясатына негізделіп әзірленді.

### **2. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының (МҒЗЖ) мақсаттары мен міндеттері**

Семестр барысында ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты – магистрантты тәуелсіз ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге дайындау (негізгі нәтижесі – магистрлік диссертацияны жазу және сәтті қорғау), сондай-ақ тәуелсіз немесе шығармашылық топ құрамында ғылыми зерттеулер жүргізуге дайындау.

Семестрдегі ғылыми-зерттеу жұмысы магистрант тарапынан ғылыми жетекші қадағалауымен орындалады.

Семестрдегі ғылыми-зерттеу жұмысының міндеттері: зерттеу жұмысын орындау дағдыларын қалыптастыру және келесі қабілеттерді дамыту:

қазіргі ақпараттық технологияларды қолдана отырып библиографиялық жұмыс жүргізу;

ғылыми зерттеу барысында туындайтын мәселелерді формулирлеу және шешу; нақты зерттеудің мақсаттарына сәйкес қажетті зерттеу әдістерін таңдау (қолданыстағы әдістерді модификациялау немесе жаңа әдістерді әзірлеу);

ғылыми зерттеулер жүргізуде қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану;

алынған нәтижелерді өңдеу, талдау және оларды аяқталған ғылыми зерттеу өнімдері (зерттеу есептері, баяндама аннотациялары, ғылыми мақалалар, магистрлік диссертация) ретінде ұсыну;

жұмыстың нәтижелерін нормативтік талаптарға сәйкес қазіргі заманғы өңдеу және баспа құралдарын қолданып рәсімдеу.

Бітіретін мектеп магистрантты ғылыми-зерттеу құрамында дайындауға арналған арнайы талаптарды анықтайды, олардың ішінде:

таңдалған зерттеу бағытының өзекті мәселелерін меңгеру;

нақты ғылыми мәселенің дамуы тарихын, оның зерттелетін ғылыми саладағы рөлі мен орнын білу;

магистрант зерттейтін ғылыми мәселе бойынша арнайы білімге ие болу;

магистрлік бағдарламаға (диссертацияға) сәйкес ғылыми және тәжірибелік жұмыстар жүргізу қабілеті;

нақты бағдарламалық өнімдер мен интернет ресурстарымен жұмыс істеу қабілеті және т.б.

### **3. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру және бақылау (МҒЗЖ)**

Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы ғылыми жетекшілердің қадағалауымен жүзеге асырылады. МҒЗЖ оқу кезеңінің бүкіл мерзімі немесе оның бір бөлігі бойынша семестрлерге бөлінеді.

МҒЗЖ жүргізу мерзімі мен ұзақтығы академиялық күнтізбеге сәйкес анықталады. МҒЗЖ нәтижелері жазбаша түрде (есеп) рәсімделіп, ғылыми жетекшімен бекітіліп, бағаланады (баға қойылады).

МҒЗЖ орындауын бақылау ғылыми жетекші тарапынан келесі формаларда жүргізіледі:

МҒЗЖ есеп дайындау және оны ғылыми жетекші бағалау;

мақалалар/баяндамалар дайындау;

семинарлар/конференцияларға қатысу.

Есептерді тапсыру мерзімі академиялық күнтізбеге сәйкес анықталады. Ұсынылатын көлем – 5–15 бет. Уақытында ғылыми-зерттеу есебін тапсырып, өтетін баға алмаған магистранттар магистрлік диссертацияны қорғауға жіберілмейді.

### **4. МҒЗЖ есебінің мазмұны, есепке қойылатын талаптар**

**5.1.** МҒЗЖ мазмұны диссертация тақырыбына, оның мақсаты мен міндеттеріне, ғылыми жаңалығына, сондай-ақ магистрант осы ғылыми-зерттеу жұмысын аяқтаған кезде игеруге тиіс құзыреттерге сәйкес анықталады.

**5.2.** МҒЗЖ осы тармақта сипатталған талаптарға сай болуы керек. МҒЗЖ

есептері осы талаптарда көрсетілген бір немесе бірнеше тармақтарды қамтуы мүмкін.

**5.2.1.** Сәйкес МҒЗЖ есебі шеңберінде магистрант зерттеу ұсынысын (Research Proposal) ұсынуы тиіс. Зерттеу ұсынысы зерттеудің мақсаттарын көрсетеді. Зерттеу ұсынысындағы кез келген өзгерістер ғылыми жетекші тарапынан мақұлдануы тиіс. Зерттеу ұсынысына келесі бөлімдер кіреді:

Жұмыс атауы

Зерттеу мақсаты, міндеттері және сұрақтары

Әдебиеттің алдын ала шолуы

Зерттеу әдістемесі

Мерзімдер, оның ішінде жобаны таныстыру

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы да диссертациямен жұмыс басталғанда алғашқы түрде айқындалады. Жаңалық дәлелденуі керек, яғни теориялық негізделген және деректермен және/немесе тәжірибелік түрде расталған болуы қажет. Осыған байланысты МҒЗЖ мазмұнын осы талапқа сай құру өте маңызды, яғни оның орындалуы барысында диссертацияның ғылыми жаңалығын және практикалық маңыздылығын растайтын қажетті деректер алынуы тиіс.

Зерттеу ұсынысы ғылыми жетекші тарапынан плагиатқа тексеріледі.

**5.2.2.** Магистрант әдеби шолу ұсынуы керек. Магистрант өз диссертациясына қатысты әдебиет пен деректерді сын тұрғысынан бағалауы қажет. Сонымен қатар, магистрант төмендегілерді көрсетуі тиіс:

Аналитикалық және зерттеу дағдылары

Зерттеу проблемасының теориялық негіздерін түсіну

Қатысты зерттеу саласындағы нәтижелер мен ол саланың кемшіліктерін түсіну

Әдеби шолу кіріспеден басталады, ол магистрант зерттейтін идеяларды анық көрсетеді; әдеби шолу бөлімі (бұл бөлімде магистрант жарияланған деректерді сыни тұрғыдан бағалайды).

МҒЗЖ есептерінде келесі мәліметтер болуы керек: диссертация тақырыбын таңдаудың негіздемесі (актуалдылық, ғылыми жаңалық, теориялық және практикалық маңыздылық, сондай-ақ мақсат, міндеттер, зерттеу объектісі мен пәні, кілттік сөздер); қолданылатын методологиялық аппарат сипаттамасы; зерттеу үшін теориялық база ретінде қолданылатын негізгі әдеби деректерді зерттеу және талдау нәтижелері; магистрлік диссертацияны дайындау жұмыс жоспары; зерттелетін мәселе бойынша болжамды қорытындылар.

**5.2.3.** МҒЗЖ зерттеу проблемасының соңғы қойылымымен, оны шешу әдістерін әзірлеу және талдаумен байланысты болуы тиіс. Есепте зерттеу жоспары сипатталуы керек, магистрлік диссертация мазмұнында көрсетілген; зерттеу міндеттерінің өзектілігі, ғылыми және практикалық маңыздылығы дәлелденуі керек; диссертациялық жұмыс үшін фактілік және статистикалық материалдарды жинау және өңдеу, олардың сенімділігі мен жеткіліктілігі бағалануы тиіс; болжамды нәтижелер ғылыми және практикалық маңыздылық тұрғысынан бағалануы қажет.

**5.2.4.** МҒЗЖ деректермен жұмыс, статистикалық деректерді өңдеу, графикалық визуализация, модельдер құру және талдау жүргізуді қамтиды.

**5.2.5.** МҒЗЖ магистрлік диссертацияның соңғы мәтінін дайындау және жетілдіруді, алынған нәтижелерді сипаттауды, зерттеу нәтижелері бойынша қорытындыларды негіздеуді және дәлелдеуді қамтиды.

**5.2.6.** Әр есепте есеп дайындау кезінде жасанды интеллект құралдарын қолдануды сипаттайтын бөлім болуы тиіс. Бөлім атауы: Declaration of Generative AI and AI-Assisted Technologies in the Writing Process. Мәтін үлгісі:

During the preparation of this work, the author(s) used [NAME OF TOOL/SERVICE] in order to [PURPOSE/REASON]. After using this tool/service, the author(s) reviewed and edited the content as necessary and take(s) full responsibility for the final version of the thesis.

**5.2.7.** Магистрант алдын ала қорғауға кемінде екі апта қалғанда 5.2.2.–5.2.6 тармақтарына сәйкес жетілдірілген мәтінді ұсынуы тиіс. Бұл мәтін магистрлік диссертацияның алдын ала нұсқасы болып табылады.

**5.2.8.** МҒЗЖ шеңберінде ғылыми ұйымдарда және/немесе сәйкес салалардағы ұйымдарда міндетті ғылыми тағылымдамадан өту қарастырылған. Ғылыми тағылымдама өтетін орын білім беру бағдарламасының ғылыми бағыты мен зерттеу тақырыбына сәйкес келуі тиіс. Тағылымдама ұзақтығы кемінде 14 күнтізбелік күн. АІД тағылымдаманы ұйымдастыратын ұйыммен бірлесіп, тағылымдама бағдарламасы мен апталық жоспарды бекітеді.

## **5. МҒЗЖ есебін рәсімдеуге арналған техникалық талаптар**

Есеп ағылшын тілінде орындалады, Қосымша 1-ге сәйкес рәсімделеді.

Есеп компьютер мен принтерді пайдаланып А4 форматындағы ақ қағаздың бір жағына бір жол аралығында басылады.

Қаріп – Times New Roman, қалыпты, көлемі – 14.

Жұмыстың барлық бөлігінде мәтін біркелкі тығыздықта, контрастты және анық болуы қажет.

Есеп мәтіні үшін өрістер: сол – 30 мм, үстіңгі – 20 мм, оң – 10 мм, төменгі – 25 мм. Абзацтық шегініс – 10 мм.

Белгілі терминдер, формулалар, теоремаларға назар аудару үшін әртүрлі қаріптер қолдануға болады.

Есеп қалай орындалса да, мәтін мен иллюстрациялар, кестелер, компьютерден шығарып алынған баспалар анық көрінуі тиіс.

Беттерді араб сандарымен нөмірлеу, мәтін бойымен үздіксіз нөмірлеу; беттің нөмірі бет төмен ортасында, нүктесіз көрсетіледі.

Бөлек беттерде орналасқан суреттер, фотосуреттер, кестелер жалпы бет нөмірлеуге енгізіледі.

Есеп пен қосымшалар бет нөмірлеуі үздіксіз болуы керек.

Дәйексөздер мен мәтіндегі сілтемелер АРА стиліне сәйкес көрсетілуі тиіс.

Иллюстрациялар (сызбалар, карталар, графиктер, диаграммалар, фотосуреттер) мәтінде алғаш айтылған жерінен кейін немесе келесі бетте орналастырылады. Иллюстрациялар компьютерлік форматта, соның ішінде түсті болуы мүмкін. Барлық иллюстрациялар есепте сілтемелерімен бірге беріліп, тиісті түрде жазылуы керек, жазу сурет/сызба немесе фотосурет астында болады. Міндетті ескерту: автор жасаған немесе қандай да бір дереккөз негізінде жасалғаны көрсетіледі.

Кестелер көрсеткіштерді салыстыру және айқын көрсету үшін қолданылады. Кесте атауы оның мазмұнын нақты, қысқаша көрсетуі тиіс. Көп бағаналы кестелерді қосымшаға шығару тиімді. Қосымшалардағы кестелерден басқа кестелер араб сандарымен үздіксіз нөмірленеді. Кесте үстінен жазылады. Кесте соңында міндетті ескерту: автор жасаған немесе қандай да бір дереккөз негізінде.

Қосымшалар есептің жалғасы ретінде келесі беттерде рәсімделеді. Мәтінде барлық қосымшаларға сілтемелер берілуі тиіс. Қосымшалар мәтінде сілтеме ретіне қарай орналастырылады. Әр қосымшаны жаңа беттен бастап, бет ортасында «Қосымша» сөзі және оның белгісі көрсетіледі. Қосымша атауы мәтінге симметриялы етіп, бас әріптен жеке жолда жазылады. Егер есепте бір қосымша болса, оны белгілеуге болады. Қосымшалар есептің қалған бөлігімен үздіксіз бет нөмірімен жүруі тиіс.



INTERNATIONAL SCHOOL  
OF ECONOMICS MNU

## REPORT

### on Scientific and Research Work of a Master's Student

**From** «\_\_» September 2022 **till** «\_\_» December 20\_\_ **Student**

**Name:** \_\_\_\_\_ **Master**

**Program:** \_\_\_\_\_

**Supervisor:** \_\_\_\_\_

**Master's Thesis Submission Deadline (month/year):** \_\_\_\_\_

«\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_

\_\_\_\_\_  
(signature)